



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 1 шілде

### Халыққа арналған тазартылған алтын өлшеуіш құймаларды сату мен сатып алу бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі халыққа арналған тазартылған алтын өлшеуіш құймаларды сату мен сатып алу бағдарламасына «Цеснабанк» АҚ-тың қосылғанын хабарлайды.

Алтын құймалар халық үшін қатысушы банктердің бөлімшелерінде қолжетімді. Қазіргі уақытта алтын құймаларды Қазақстан Халық Банкінде, Еуразиялық банкте және Цеснабанкте сатып алуға болады.

#### Халық банкінде:

Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 101  
(Сәтбаев к-нің қиылысы)  
Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 17  
Өскемен қ., Горький ат.көше, 57 А  
Атырау қ., Сәтбаев к-сі, 4  
[www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)

#### Еуразиялық банкте:

Алматы қ., Байтұрсынов к-сі, 50-52  
Өскемен қ., Е.П. Славский ат.  
жағалау, 24/3  
Атырау қ., Құлманов к-сі, 107  
[www.eubank.kz](http://www.eubank.kz)

#### Цеснабанкте:

Астана қ., Сарайшық к-сі, 5-а  
Алматы қ., әл-Фараби д-лы, 15,  
4-Б корпус  
[www.tsb.kz](http://www.tsb.kz)

Алтын құймаларды Қазақстан теңге сарайы дайындады және 10, 20, 50 және 100 грамдық төрт түрі бар. Мәселен, 10 грамдық құймалар күрең қызыл, 20 грамдық – жасыл, 50 грамдық – көгілдір түсті арнайы ораумен және 100 грамдық құймалар – алтын түстес ораумен ұсынылғанын еске саламыз.





Әрбір құйма қорғаныш элементтерімен (құймалардың тегіс беті, микроәтін және бедерлі қыр) және құймаларды механикалық бүлінуден қорғайтын және ораудың ашылған-ашылмағанын оңай тексеруге мүмкіндік беретін арнайы ораумен шығарылады.

Қорғаныш орау да құйманың сапа сертификаты болып табылады. Сондықтан құйманы ұқыптау сақтаған және орауын ашпаған жөн.

Ұлттық Банктің тазартылған алтынның өлшеуіш құймаларына, сондай-ақ бағдарламаға қатысушы банктер туралы ақпаратқа байланысты барлық мәселелер бойынша мына телефонға хабарласуға болады: +7 (727) 2704 569.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7(727)2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)